



БАСҚАРУ МЕКТЕБІ

ШКОЛА
УПРАВЛЕНИЯ

Студент - жастардың ай сайын шығатын газеті



Газет 1998 жылғы желтоқсаннан бастап шығады №2 (80) Ақпан 2008

Академик Кенжеғали Сағадиев 70 жаста

Қадірлі Кенжеғали Әбенұлы!



Т.Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университетінің ұжымы Сізді көрнекті ғалым, ұстаз, жастардың жетекшісі және үлкен ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының мәдени-ағарту саласына еңбегі сіңген мемлекет қайраткері ретінде 70 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті экономика факультетінің үздік түлегі, Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспиранты, жарты ғасырға жуық саналы ғұмырын ғылыми ізденушілік жұмысқа арнаған Сіздің өмір жолыңыз — алыс арманға ұмтылған еңбекқорлық пен табандылықтың тамаша үлгісі деп білеміз. Бұл қазіргі жағдайдағы шырнайы ҒАЛЫМНЫҢ тұлғалық болмысын білдірсе керек.

Сіз Алматы халық шаруашылығы институтында ассистент оқытушыдан Қазақ Мемлекеттік басқару академиясының ректорлығына (1992-1994) дейінгі өміріңізді ғылым жолына бағыштай отыры ономика ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі дәрежесіне дейін көтерілдіңіз, кейін (1994) ҚР ҰҒА Президенті болып сайландыңыз. 1996-2001 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры, 2002-2004 жылдарда Халықаралық Бизнес университетінің Президенті болдыңыз.

Сіздің еңбегіңіз еліміздің ғылыми қауымының жоғары бағасын алып, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Парасат» ордендерімен бірге, «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» медалімен аталып өтті.

Сіз Қазақстанның көрнекті экономист-ғалымы ретінде 240-тан астам еңбек жаздыңыз. Сіздің ғылыми-зерттеушілік үлкен жетістіктеріңіз оңдаған монографияларға негіз болды, отандық және халықаралық журналдарда жарық көрді. Сіздің жетекшілік етуіңізбен 14 докторлық, 38 кандидаттық диссертация қорғалды.

Сіздің сан қырлы қызметіңіз тек ғылыммен ғана шектеліп қалмады. Сіз ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты ретінде, Экология және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі ретінде де туған еліміздің гүлденуі жолында бар біліміңізді, қайратыңызды жұмсап келесіз.

Қадірлі Кенжеғали Әбенұлы, бүгінгі торқалы мерейтойыңызда Т.Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университеті ұжымының атынан жүрежарды құттықтауымызды қабыл алыңыз. Сізге және отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз, Қазақстан ғылымы мен экономикасын өркендету жолындағы қызметіңізде зор шығармашылық табыстарға жете беріңіз!

Т.Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университетінің ұжымы

Жолдауға-қолдау

МІНДЕТ ЖҮКТЕЙДІ

Елбасының биылғы Жолдауының негізгі арқауы — халықтың әлеуметтік әл-ауқатын көтеру болса, ол біздің ұжымның да көкейінен шықты. Біз ең алдымен университеттің материалдық базасын нығайтуға көп көңіл бөлдік. Студенттердің қазіргі заманға сай жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдай жасалды. Оқу залдары, зертханалар жаңа техникамен жабдықталып, кітапхана қоры жылдан-жылға молайып келеді.

Университеттің барлық оқу ғимараттары толық күрделі жөндеуден өтті. Бұрын бос жатқан жерге тамаша оқу даріханасына айналды. Онда әскери кафедра орналасты. Стадионға ФИФА талабына сай келетін жасанды шөп төселіп, Алматыдағы бірінші уретандық жүгіру жолы бар үлкен спорт кешеніне айналды. Мұнда негізгі мейрамдар, республикалық дәрежедегі спорт жарыстары өтіп тұрады.

2007 жылы оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерге екі рет бір жалақы көлемінде сыйлық берілді. Санаторий, демалыс үйлерінде демалушылардың жолдама базасын төлеуге көмектесіп, қайырымдылық көмек те жасаймыз. Тау шаңғысы базасы «Табиғатқа», мұз айдыны Медеуге шығып тұратын дәстүріміз бар.

Жолдама жүгі жауағаты. Ол бізге келелі нәтижелер жүктейді.

Б. ЕСІРКЕМЕСОВА,
кәсіподақ комитетінің
тарайымы

Өнегелі Өріс

Елбасымыздың жыл сайынғы Жолдауларында жетістіктерімізді саралап, келешегімізді бағдарлаудың, барлығымызға ортақ ұлы мақсаттарды саралаудың жақсы өнегесі қалыптасты. 2006 және 2007 жылдардағы Жолдауларда әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына ену және 30 корпоративтік қосбасшыларды қалыптастыру үшін елімізді индустриаландыру қажет екені баса айтылған болатын.

Биылғы Жолдау индустриялық Қазақстанды инновациялық Қазақстанға айналдырудың жолдарын айқындап берді. Білік пен бизнес тек қана экономикалық қатынастармен шектеліп қоймай, әлеуметтік мәселелерді шешуде де мұдделі әріптестік танытуы қажет екендігі тағы да баса назар аударылды. Сонымен қоса Елбасы жасстық білім берудің маңыздылығын айрықша атап өтті. Білім беру саласының басты міндеті — 2010 жылға дейін мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту. Жолдауда Білім мен ғылым министрлігі үш жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін тийімді жүйелерді жасауды аяқтайтын болсын делінген.

Елбасы бүкіл қоғамды біріктіретін фактор — қазақ тілін оқуға сапасын көтеру үшін ең үздік, инновациялық әдістемелік, практикалық оқу - құралдар, аудио-бейне материалдар әзірлеп, көптеп шығаруды атап айтты. Жолдауда жаңа заманға сай салық жүйесін енгізу, құнды қағаздар рыногын дамыту, шағын және орта бизнесті дамытып қолдау көрсету, т.б. туралы жан-жақты айтылған. Президентіміздің жолдауында еліміздің даму жолдары, жаңашыл ойлар мен алдына істелетін жоспарлар анық көрінді. Кітапхана ұжымы осы Жолдаудағы орай кітап мөрлерін ұйымдастырып, студенттер арасында талдау жасауда.

Н. АҚЫБАЕВА,
кітапхана көпшілік

Шағала жаны шарқ ұрған

Ә. ӘБІШЕВ,

Т. Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», — дейді Абай атамыз. Ақыл, ғылым ар, мінез. Әрқайсысы жеке-жеке алғанда да Құдайдың тек сүйген құлдарына бұйыратын асыл қасиеттер. Ал бәрі бір адамның бойынан табылса, шындығында, Абай айтқан тамаша үйлесім сол болмақ. Кемелділіктен кеменгерліктің өрісіне қарай тартатын, ілуде бір кездесетін жарасым.

Әріптес аға, белгілі ғалым әрі қоғам қайраткері Кенжеғали Сағадиев туралы ойға шомсам болды, осындай бір шұғылалы сезімге бөленетінім бар. Содан соң ой желісі сонау Арқаға, Кенжеғали Әбенұлының өскен ортасына, кір жуып, кіндік кескен Торғай даласына тартады. Ол да бекер емес: «Торғай, Торғай дегенмен жүрегі оның бүркіттей!» — деп Сырбай ақын жырға қосатын осынау

байтақ өлке, байсын жерде, ұлтымыздың ұлы ұстаздарының бірі Ахмет Байтұрсынұлынан берген Ақкөл атты ауылда (Кенжекең туралы бұрын-соңды сөз болса ылғи №1 ауыл делініп жүрген мекеннің шын аты осылай екен) осыдан жетпіс жыл бұрын, 1938 жылдың ақпандатқан аязында шыр етіп дүниеге келген торсық шеке нәрестені сол бір кәстерлі өлкенің қасиеті желеп-жебесе керек, өйткені ол ес біліп, етек жауып үлгерместен-ақ сұрапыл соғыстың кесепатынан келген қиямет-қайым қиыншылықтардан аман өтіп, ел қатарлы мектеп тәрбиесін көріп, онжылдықты ойдағыдай аяқтағаннан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін, содан соң Г.В.Плеханов атындағы

Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасын түгесіп, ғылымның тауқыметі мол, тауықтың жолына алансыз түсті. Өмірдің осы өткелектерінің қайсысында болсын ол алғырлығымен және ізденімпаздығымен дараланды: мектепті медальмен бітірді, студенттік жылдарында үздік ғылыми жұмыстар дайындаған жастардың қатарында Самарқанда және КСРО-ның басқа да қалаларында өткізілген бүкілодақтық ғылыми конференцияларға қатысты, Мәскеуде «Одақтас республикалардағы күрделі құрылысты материалдық-техникалық кешенді жабдықтау мәселелері» деген тақырыпта диссертация қорғап, аспирантурасын мерзімінен бұрын бітіріп шықты.

Ал ҚазМУ-дің ассистенттігі мен аға оқытушылығынан басталған еңбек жолы еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарының ректорлығы мен Қазақстан Республикасындағы Ұлттық ғылым академиясының президенттігіне дейін ұласатынын ескерсек, ғалымның қандайлық абырой биігіне көтерілгенін түсіну қиын емес.

Әрине, абырой-бедел өздігінен келмейді, әсіресе ғылымда солай. Табиғатана аямай сыйлаған ақыл-ой қабілетінің арқасында Кенжекең бір біткен бір биікке алқынбай шығып, келесі асуларын оңай алатын бақ-талайы бар адам сияқтанғанымен, көзіқарақты жұрт бақтыңда байыпсызға емес, талаптыға қонатынын біледі. Мәселен, дүние жүзіндегі ең ірі анықтама орталықтарының бірі — Кембридждің Халықаралық

соңы 2-бетте

